

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің қауіпсіздік органдары мен арнайы қызметтері басшылары кеңесінің он сегізінші мәжілісіне қатысушылардың қонақ үйде тұруына ақы төлеуге қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 16 мамырдағы N 123-ө
Өкімі

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің қауіпсіздік органдары мен арнайы қызметтері басшылары кеңесінің он сегізінші мәжілісін (бұдан әрі - мәжіліс) өткізуге байланысты:

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетіне мәжіліске қатысушылардың 2005 жылғы 19-21 мамыр кезеңінде Астана қаласындағы қонақ үйлерде тұруына ақы төлеуге 2005 жылға арналған республикалық бюджетте 006 "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен 5035668 (бес миллион отыз бес мың алты жүз алпыс сегіз) теңге сомасында қаражат бөлсін.

Премьер-Министр